

2024-2025 оқу жылындағы Жас ғалымдар кеңесінің есебі

Құқық және экономика факультеті	
Іс шара туралы ақпарат	Суреттер және сілтемелері
2024 жылы 22 қазанда әл - Фараби атындағы ҚазҰУ өткен «Академик С. Сартаевтың ғылыми мұралары» атты республикалық эссе байқауында І Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, құқық және экономика факультеті, «Құқықтану» БББ 2 курс студенті Мұратұлы Самрат «Құқықтық мәдениеттің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі рөлі» атты тақырыптағы эссесі жүлделі ІІІ орынды иеленді, ғылыми жетекшісі: Т.Ғ.К. Тинистановна С.С.	https://scontent.fala6-1.fna.fbcdn.net/v/t39.30808-6/474581705_1249475079490437_5326419507067829055_n.jpg?_nc_cat=102&ccb=1-7&_nc_sid=833d8c&_nc_ohc=skKD_Shlg4Q7kNvwFy6d7H&_nc_oc=Adnkg2DJNtj1cfPD1_QK5kYmWgFhA8uq1UY-Rigs3UdEcif4mBuBV0JISSynr17prSo&_nc_zt=23&_nc_ht=scontent.fala6-1.fna&_nc_gid=1qed3ql7PqV36-Ny3ZoeCg&oh=00_Afai9wbv60pOVLHa8zYV5a0bS2ucLUzH6I1ptC-BHl83VA&oe=68E41094 
Жетісу университетінің Ғылым және коммерцияландыру департаменті 2026-2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру мен «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша ғылыми семинар ұйымдастырды. Оған оқытушылар құрамы мен жас зерттеушілер қатысты. Жиынның басты мақсаты – ғылыми байқаулар жайлы ақпарат ұсынып, конкурстық құжаттама және қатысу ерекшеліктерін түсіндіру. Семинарға Басқарма мүшесі – ғылым және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтаулова жетекшілік етіп, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың маңызын атап өтті. Жиын барысында байқаулардың негізгі ережелері, өтінім ұсыну мерзімдері, құжаттарды даярлау қағидалары, біліктілік талаптары, нысаналы көрсеткіштер туралы дерек ұсынылды. Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Л.Карашолакова түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, назар аударатын бірқатар мәселелерге тоқталды. Шараның негізгі	https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1961202597999254&id=100023285975857&rdid=1DyjJM76fF9K0X5y#  ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР @zhetyssu.university

бөлігінде қатысушылар түйткілді сауалдар қойып, толық жауап алды.	
«Jetisy jastary» мекемесінің ұйымдастыруымен Жетісу университетінің студенттері «Кибер волонтер» жобасы аясында Жетісу облыстық Полиция департаменті қызметкерлерімен кездесті. ✦Мақсаты - жастардың интернеттегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, киберқылмыстың алдын-алу шараларын насихаттау, киберқауіпсіздік бойынша сауаттылықты арттыру. ✦Кездесуге Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары, полиция капитаны Серік Демейов, Облыс прокуратурасының 1-Басқармасының басшысы Әлішер Бараев, Облыс прокурорының аға көмекшісі Төлеуғали Сәрсембаев қатысты. ✦Сала мамандары студенттерге интернет-алаяқтықтың жаңа түрі пайда болғанын, олардың қандай схемалармен жұмыс істейтінін мысалдар келтіре отырып, жан-жақты түсіндіріп берді. ✦«Әккілер электрондық поштаға және мессенджерлерге жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы жалған құжат жібереді. Онда жүргізушілердің деректері, көлік нөмірлері және «айыппұлды төлеу» сілтемесі көрсетіледі. Шын мәнінде, бұл — фишингтік шабуыл, сілтемеге өтпеңіздер»,- дейді мамандар. ✦ПД қызметкерлері жастарға дропперлер туралы да ескертіп, олардың сұрақтарына жауап берді. Студенттер алаяқтардың әрекетіне тап болса, құқық қорғау органдарына жүгінуге болатынын айтты.	https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1956928738426640&id=100023285975857&rdid=1DW9t2CDeYwomuow# 
"Jetisy universiteti" газеті №8 (257) 28 тамыз 2025 жыл	https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1957053515080829&id=100023285975857&rdid=DTM6RuDo3bENhypv#

азаматтарды қабылдады. Кез келген азамат қажетті заңгерлік кеңес, сондай-ақ мемлекеттік орган өкілдерінен өзіне қажетті мәселелер бойынша түсініктеме алды. Шараның басты мақсаты – азаматтарға құқықтық көмек көрсету және сауаттылықты арттыру.	
Физика және математика факультеті	
Іс шара туралы ақпарат	Суреттер және сілтемелері
Ғылым және білім саласында тәжірибе алмасу мақсатында «Исследование и применение блочных конструкторов программирования для улучшения когнитивных навыков у обучающихся» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында (IRN AP22688217 жобасының) 30.09.2024-03.10.2024 арасында Жетісу университетінің постдокторанты Айым Есейқызы және ғылыми жетекшісі қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Айгуль Алдабергенова Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази Университетінің Технологиялық факультетінде “Possibilities and prospects of block-based programming” атты ғылыми семинар өткізді.	  https://zhetyasu.edu.kz/2024/10/04/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-23/
Ғылым және білім беру саласында тәжірибе алмасу мақсатында «Ақпараттық білім беру ортасы жағдайында жұмыс істеу үшін болашақ физика мұғалімдерін даярлауды жетілдіру» гранттық қаржыландыру жобасын (ЖТН AP22683901) іске асыру аясында Ә.Б.Абдулаева мен п.ғ.к. Н.Ж.Жанатбекова «Жоғары оқу орындарында физика-математикалық бағыттағы болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдіру: теория мен практика интеграциясы» тақырыбындағы ғылыми семинар жұмысына қатысты.	

Семинар И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің (Бішкек қ.) базасында өтті. Семинар барысында цифрлық платформалар мен виртуалды зертханаларды пайдалануды қоса алғанда, білім беру процесінде заманауи технологияларды қолдану мәселелері қарастырылды. Семинарға қатысушылар білім алушылардың сыни ойлауы мен өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін ерекше атап өтті.



<https://zhetyssu.edu.kz/2024/10/11/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-24/>

21.10.2024 ж. п. ғ. магистрі және оқытушы-дәріскер Есжанова С.Г. «Дискретті математика және математикалық логика» пәні аясында 4 курс студенттерімен Жобалық жұмыс жүргізді. Бұл жоба математика түлектерін оқытудың маңызды элементі болып табылады. Бұл теориялық білімді бекітуге, оны іс жүзінде қолдануға, студенттерді кәсіби қызметке дайындауға және мансапта да, одан әрі зерттеуде де пайдалы болатын көптеген дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.




<https://zhetyssu.edu.kz/2024/10/21/%d0%b6%d0%be%d0%b1%d0%b0%d0%bb%d1%8b%d2%9b-%d0%b6%d2%b1%d0%bc%d1%8b%d1%81/>

2024 жылғы 29 қазан күні физика-математика факультетінде ғылыми семинар өткізілді. Семинарда п.ғ.д., профессор Е.Ж.Смагуловтың «Құзыреттілік және аксиологиялық тәсілдер негізінде болашақ математика мұғалімдерін даярлауды жетілдіру» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар 8D01501 Математика БББ докторанттары жұмыстары талданды.



Семинар барысында білім берудегі құзыреттілік тәсілмен, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің мотивациясына әсер ететін аксиологиялық аспектілермен байланысты тақырыптар талқыланды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен және математика мұғалімдерін даярлау мәселелерімен бөлісе отырып, ұсынылған

<https://zhetyssu.edu.kz/2024/10/29/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80/>

материалдарды белсенді талқылады.	
2024 жылғы 11-12 қарашада «STEM-білім берудің болашағы: физика-математика пәндерінің мұғалімдері үшін сын-қатерлер мен перспективалар» тақырыбында ғылыми семинар өтті. Аталған семинарға п. ғ. к., доцент, Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері Шуыншина Шолпан Мырзақасымқызы қатысты	 https://zhetyysu.edu.kz/2024/11/12/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-2/
2024 жылғы 10 желтоқсан күні физика-математика факультетінде ғылыми семинар өткізілді. Семинарда PhD Ч.А.Хармысовтың «Тіршілікті жаңа жарықпен зерттеу: классикалық физикадан кванттық бейнелеуге» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар 8D01502 Физика БББ докторанттарының жұмыстары талданды. Семинар барысында нақты уақыттағы микроскопиялық бейнелеу үшін ескі спектроскопиялық құралды пайдалану жолдары талқыланды және өмір туралы ғылымдар мен медицинадағы бұрыннан келе жатқан мәселелердің ықтимал шешімдерін, сондай-ақ құралдарды классикалық шектеулерден тыс жетілдіру жолдары ұсынылды. Қатысушылар ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тәжірибелерімен бөлісе отырып, ұсынылған материалдарды белсенді талқылады.	https://zhetyysu.edu.kz/2024/12/11/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-3/ 
2024 жылғы 12 желтоқсан күні физика-математика факультетінде ғылыми семинар өтті. Семинар барысында PhD С.Р.Сакибаевтың «Білім берудегі және академиялық саладағы Deep Learning» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар семинар барысында Горно-Алтайск мемлекеттік университетінің (Горно-Алтайск қ., Алтай Республикасы, Ресей Федерациясы) профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Темербекова Альбина Алексеевна 8D01504-	

«Информатика» білім беру бағдарламасы докторанттарына педагогикалық бағыттағы ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстарын айтты. Семинар барысында информатика және білімді цифрландыру кафедрасының докторанттары жүргізіп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарымен таныстырды. Өз кезегінде, Альбина Алексеевна ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдері, оның ішінде педагогикалық эксперимент жүргізу тәжірибесі туралы құнды ақпарат беріп, пайдалы кеңестермен бөлісті. Семинар докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіруге және педагогикалық эксперимент жүргізу бойынша тәжірибелік білім алуға маңызды үлес қосты.	https://zhetyu.edu.kz/2024/12/12/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-4/
2025 жылдың 5 наурызында Жетісу университеті түлектеріне қолдау көрсету мақсатында «Жасанды интеллект құралдарын педагогикалық тәжірибеде қолдану» тақырыбында семинар ұйымдастырды. Бұл шара барысында Физика-математика факультетінің оқытушылары Адамбекова А.М., Кастеева Г.Д. және PhD Абдуалиева Р.Е. университет түлектерімен өз тәжірибелерімен бөлісіп, баяндамалар жасады.	 https://zhetyu.edu.kz/2025/03/05/%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-9/
Физика-математика факультетінде ғылым декадасы аясында «Ғалым – Ғылым – Ғұмыр» тақырыбында еске алу кеші өткізілді. Іс-шара барысында физика-математика факультетінде көп жылдар бойы еңбек еткен көрнекті ғалымдардың өмірбаяны, ғылыми қызметі мен еңбектері таныстырылды. Сонымен қатар, естелік кешінде Есік қорғанынан табылған Алтын адам жазуларын 30 жыл зерттеп, құпиясын физика-математикалық әдіспен ашқан жаратылыстанушы ғалым Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми мұрасы таныстырылды. Іс-шара барлық қатысушылар үшін қызықты өтті. Ғалымдардың өмір жолы мен еңбектері – бізге ғылымның ұлы мұраттарын ұғындырып, жаңа ғылыми жетістіктер мен жаңалықтарға жетелеуші шамшырақ. Олардың ізденісі мен табандылығы бүгінгі және келер ұрпаққа үлкен шабыт,	 https://zhetyu.edu.kz/2025/04/22/%d2%93%d0%b0%d0%bb%d1%8b%d0%bc-%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc-%d2%93%d2%b1%d0%bc%d1%8b%d1%80-2/

болашаққа бағыт береді. 2025 жылғы 23 маусымда физика-математика факультетінде Agri Ibrahim Çeçen университетінің (Түркия) Education факультетінің профессоры Mehmet Fatih Öçal қатысуымен ғылыми семинар өтті. Кездесу барысында профессор Mehmet Fatih Öçal қатысушыларды Агрыдағы Ибрахим Чечен университетімен таныстырды және Түркияның білім беру жүйесінің ерекшеліктері туралы баяндады. Сонымен қатар, ол математиканы оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ізденістерінің нәтижелерін, атап айтқанда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған Problem-Posing Task әдістемесін ұсынды. Баяндама оқытушылар мен докторанттар арасында үлкен қызығушылық тудырды.	 https://zhetysu.edu.kz/2025/06/24/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-8/
Педагогика және психология факультеті	
2024 жылдың 11 қазанында Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Jas galym» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыруға арналған университетішілік байқауы өткізілді. Байқауға 21 өтінім қабылданды, оның ішінде комиссия құрамының бағалауы бойынша 8 жоба жеңімпаз атанды. Солардың бірі болып біз ұсынған жоба жеңімпаз атанды. Жоба тақырыбы: «NeuroGym – нейрогимнастикалық сайты», жоба жетекшісі: Альменбетова К.Ж., жоба орындаушылары: Аяджан М., Тоқтасынова Б., қаржыландыру сомасы: 2 000 000 теңге. Байқау жастардың ғылыми әлеуетін арттыруға және ғылыми жобалардың коммерциялануына үлкен мүмкіндік беретін маңызды шара болып	 «Jas galym» университетішілік конкурсының қорытындысы жарияланды — Жетісу университеті

табылады. Жеңімпаз жобалар университеттің ғылыми зерттеулерін дамытуға және қоғамның сұраныстарына жауап беруге ықпал етеді.	
Жетісу университетінің Ғылым және коммерцияландыру департаменті 2026-2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру мен «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша ғылыми семинар ұйымдастырды. ✿ Оған оқытушылар құрамы мен жас зерттеушілер қатысты. Жиынның басты мақсаты – ғылыми байқаулар жайлы ақпарат ұсынып, конкурстық құжаттама және қатысу ерекшеліктерін түсіндіру. ✿ Семинарға Басқарма мүшесі – ғылым және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтаулова жетекшілік етіп, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың маңызын атап өтті. ✿ Жиын барысында байқаулардың негізгі ережелері, өтінім ұсыну мерзімдері, құжаттарды даярлау қағидалары, біліктілік талаптары, нысаналы көрсеткіштер туралы дерек ұсынылды. Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Л.Карашолакова түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, назар аударатын бірқатар мәселелерге тоқталды. Шараның негізгі бөлігінде қатысушылар түйткілді сауалдар қойып, толық жауап алды.	 ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1961202597999254&id=100023285975857&rdid=1DyjJM76fF9K0X5y#
Альменбетова К.Ж., Аяджан М.Т., Тоқтасынова Б. «NEUROGYM» – нейрогимнастикалық сайтының үштік одақ үшін маңызы. ВЕСТНИК ЖУ №2(115)/2025. 26-34 бб.	 https://journal.zhetysu.edu.kz/index.php/home/article/view/419/239

Альменбетова К.Ж., Аяджан М.Т., Тоқтасынова Б. Нейрогимнастика – білім беру процесіндегі оқу Қызметін оңтайландыру технологиясы. Бку хабаршысы. №4, 2024ж. 13-2166.	 https://ojs.wku.edu.kz/index.php/BulletinWKU/article/view/5098/409
Гуманитарлық факультет	
Ғылыми семинар Жетісу университетінің Ғылым және коммерцияландыру департаменті 2026- 2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру мен «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша ғылыми семинар ұйымдастырды. Оған оқытушылар құрамы мен жас зерттеушілер қатысты. Жиынның басты мақсаты – ғылыми байқаулар жайлы ақпарат ұсынып, конкурстық құжаттама және қатысу ерекшеліктерін түсіндіру. Семинарға Басқарма мүшесі – ғылым және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтаулова жетекшілік етіп, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың маңызын атап өтті. Жиын барысында байқаулардың негізгі ережелері, өтінім ұсыну мерзімдері, құжаттарды даярлау қағидалары, біліктілік талаптары, нысаналы көрсеткіштер туралы дерек ұсынылды. Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Л.Карашолакова түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, назар аударатын бірқатар мәселелерге тоқталды. Шараның негізгі бөлігінде қатысушылар түйткілді сауалдар қойып, толық жауап алды.	https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1961202597999254&id=100023285975857&rdid=1DyjJM76fF9K0X5y#
Ғылыми семинар І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Ғылым және коммерцияландыру департаментінің ұйымдастыруымен ғылым саласындағы сыйлықақылар мен мемлекеттік ғылыми стипендияларға өтінім беру мәселесіне арналған ғылыми семинар өтті.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/11/13/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-11/

Іс-шараның негізгі мақсаты – университеттің жас ғалымдары мен ізденуші профессор-оқытушылар құрамына ғылыми сыйлықтар мен стипендиялар байқауына қатысу тәртібін түсіндіру, сондай-ақ өтінім құжаттарын рәсімдеу талаптарымен таныстыру болды. Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Лаззат Қарашолокова қатысушыларға байқау құжаттарының құрылымы мен бағалау критерийлері, ғылыми жетістіктерді енгізу тәсілдері және өтінімдерді дұрыс рәсімдеу жолдарын түсіндірді. Сонымен қатар, практикалық ұсыныстар талқыланып, қатысушылардың сұрақтарына нақты жауаптар берілді. Бұл семинар ізденуші ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамытуға және мемлекеттік ғылыми қолдауға қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды шараның бірі.	
«Jas ғалым – 2026» байқауы I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Jas ғалым – 2026» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсы өтті. Ғылыми байқауға 6 факультеттен 27 өтінім келіп түсті. Жұмыстар келесідей бағыттар бойынша қабылданды: білім беру: әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары және технологиялар, жасанды интеллект және нейрожүйелер, жасанды интеллект технологияларын экономика, өндіріс, білім беруде қолдану, білім беру, экономика және ғылымдағы цифрлық технологиялар. Ашылу салтанатында Басқарма Төрағасы – Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Е. Бөрібаев Жетісу университеті жаңашыл ғылыми бастамаларды әрқашан қолдайтынын атап өтіп, жас ғалымдарға сәттілік тіледі. Ғылыми жобаларды арнайы құрылған комиссия өкілдері белгіленген талаптарға сай бағалады. Оның құрамына университеттің ғалымдары, сала мамандары, Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері кірді. Президент жолдауына сәйкес, өткізіліп	https://zhetyssu.edu.kz/2025/11/10/jas-%c7%b5alym-2026-%d0%b1%d0%b0%d0%b9%d2%9b%d0%b0%d1%83%d1%8b-2/

отырған байқауда жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялар саласындағы ізденістерді қолдауға зор көңіл бөлініп отыр. Алдағы уақытта үздік деп танылған жоба жеңімпаздары марапатталып, гранттық қаржыландыруға ие болады.	
Студенттік Ассамблеяның ашылуы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жастар арасындағы көшбасшылықты, бастамашылдықты және ұлтаралық келісімді дамытуға бағытталған Студенттік Ассамблеяның ресми ашылуы өтті. Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Джумурбаев қатысып, түрлі этнос өкілдерінің бірлік пен патриотизм идеялары төңірегінде бірігуінің маңыздылығын атап өтті. Студенттік Ассамблеяның құрылуы жастардың азаматтық белсенділігін арттыру мен этномәдени диалогты нығайту жолындағы маңызды қадам болды.	https://zhetysu.edu.kz/2025/11/05/%d1%81%d1%82%d1%83%d0%b4%d0%b5%d0%bd%d1%82%d1%82%d1%96%d0%ba-%d0%b0%d1%81%d1%81%d0%b0%d0%bc%d0%b1%d0%bb%d0%b5%d1%8f%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d0%b0%d1%88%d1%8b%d0%bb%d1%83%d1%8b/
«Дәуірдің аңыз адамы» әдеби кеш Ғ.Орманов атындағы кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдық мерейтойына арналған «Дәуірдің аңыз адамы» атты әдеби кеш өтті. Іс-шараның мақсаты – оқырмандарды Мәлік Ғабдуллиннің ерлігімен таныстырып, ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, адалдық пен адамгершілікке тәрбиелеу. Кеш барысында жазушының өмірі мен шығармашылығы, ғылыми еңбектері кеңінен қамтылып, қатысушылар оның тұлғалық болмысын батырлық жырлар, өлеңдер және естеліктер арқылы тереңірек таныды. Кітапханашы А.Түсіпбекова тақырыпқа сай кітап көрмесін ұйымдастырып, библиографиялық шолу жасады. Сондай-ақ, қатысушылар назарына Мәлік Ғабдуллин туралы бейнефильм ұсынылды. Әдеби кешке Жансүгіров колледжінің бастауыш білім беру бағдарламасының оқытушысы мен білімгерлері белсене қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.	https://zhetysu.edu.kz/2025/11/07/%d0%b4%d3%99%d1%83%d1%96%d1%80%d0%b4%d1%96%d2%a3-%d0%b0%d2%a3%d1%8b%d0%b7-%d0%b0%d0%b4%d0%b0%d0%bc%d1%8b-%d3%99%d0%b4%d0%b5%d0%b1%d0%b8-%d0%ba%d0%b5%d1%88/

«Абай рухани мұрасының түркі әлеміне әсері» 2025 жылдың 4-5 сәуір күндері, гуманитарлық факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері М.Б.Тумабаева Өзбекстан Республикасы Өзғияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтында «Абай рухани мұрасының түркі әлеміне әсері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына қатысып, «Абай поэзиясы арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру:гуманистік парадигманың негіздері» тақырыбында пленарлық мәжілісте баяндама жасады.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/04/10/%d0%b0%d0%b1%d0%b0%d0%b9-%d1%80%d1%83%d1%85%d0%b0%d0%bd%d0%b8-%d0%bc%d2%b1%d1%80%d0%b0%d1%81%d1%8b%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d1%82%d2%af%d1%80%d0%ba%d1%96-%d3%99%d0%bb%d0%b5%d0%bc%d1%96%d0%bd%d0%b5/
Конгресс 2025 жылдың 10-13 сәуір күндері Самарқанд қаласындағы Ориентал университетінде (Өзбекстан Республикасы) «Дәстүрден болашаққа» атты халықаралық ғылыми-зерттеу конгресі өтті. Аталған іс-шараға Гуманитарлық факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскерлері Д.Б.Есимбекова мен М.Б.Тумабаева қатысты. Конгресте Есимбекова Динара Болатқызының «Құқықтық гибриді терминдерді хақатон форматында меңгерту», Тумабаева Мадина Болатқызының «Абайдың поэзиялық туындыларындағы ізгілік идеялары және оны білімгерлерге насихаттаудың тиімді жолдары мен әдістері» тақырыбындағы баяндамалары шетелдік ғалымдар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Конгресс жұмысы аяқталған соң, қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/04/28/%d0%ba%d0%be%d0%bd%d0%b3%d1%80%d0%b5%d1%81%d1%81/
Жетісу университеті студенті республикалық СҒЗЖ байқауында І дәрежелі дипломмен марапатталды 2025 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша өткен республикалық байқауда Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В02303 – «Филология» білім беру бағдарламасының 3-курс	https://zhetyssu.edu.kz/2025/05/22/%d0%b6%d0%b5%d1%82%d1%96%d1%81%d1%83-%d1%83%d0%bd%d0%b8%d0%b2%d0%b5%d1%80%d1%81%d0%b8%d1%82%d0%b5%d1%82%d1%96-%d1%81%d1%82%d1%83%d0%b4%d0%b5%d0%bd%d1%82%d1%96-%d1%80%d0%b5%d1%81%d0%bf%d1%83%d0%b1/

студенті Жұмағали Мейірім Куанышбайқызы І дәрежелі дипломмен марапатталды. Мейірімнің ғылыми жұмысы байқаудың «Филология» бағыты бойынша үздік деп танылды. Бұл жетістік – студенттің ғылыми ізденістегі белсенділігін, терең білімін және табандылығын көрсетеді. Ғылыми жетекшісі –PhD А. Абызова. Университет ұжымы Жұмағали Мейірімді және ғылыми жетекшісін шын жүрекпен құттықтайды! Ғылыми-шығармашылық табыстар тілейміз!	
XII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ СИМПОЗИУМЫ Гуманитарлық факультеттің оқытушы-дәріскерлері Г.Тлегенова, Г.Шүкенай, Д.Есимбекова және педагогика және психология факультетінің оқытушы-дәріскері А.Есимбекова 2025 жылғы 20-24 мамырда Түркияның Нийде Омер Халесдемир университетінде өткен XII Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумына қатысты. Симпозиумда Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова елдерінен келген ғалымдар түркітанудың өзекті мәселелерін талқылады. Бұл ғылыми жиын Нийде Омер Халисдемир университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті және Баку Еуразия университетінің бірлесіп ұйымдастыруымен өткізілді. Симпозиумның басты тақырыбы – «Түркі мемлекеттері арасындағы жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық». Негізгі бағыттары: түркі тілдері, әдебиеті және тарихы; мәдениет, өнер және медиа; білім беру және академиялық ұтқырлық; аймақтық мәселелер мен халықаралық қатынастар; экономика, бизнес және басқару; түркі әлеміндегі гендерлік мәселелер. Бұл симпозиум Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да елдерден келген ғалымдар мен зерттеушілердің басын қосып, түркі халықтары арасындағы ғылыми байланыспен мәдени алмасуды нығайтуға септігін тигізді.	https://zhetyasu.edu.kz/2025/05/27/%d1%81%d0%b8%d0%bc%d0%bf%d0%be%d0%b7%d0%b8%d1%83%d0%bc/
Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін 2025 жылдың 29 тамызында Жетісу университетінің Басқарма төрағасы-ректор З.Ғ.Д., профессор Е.Ә.Бөрібаев	https://zhetyasu.edu.kz/2025/08/29/%d0%b0%d0%bd%d0%b0-%d1%82%d1%96%d0%bb%d1%96%d0%bd-%d0%b4%d0%b0%d0%bc%d1%8b%d1%82%d1%83%d2%93%d0%b0-%d2%9b%d0%be%d1%81%d2%9b%d0%b0%d0%bd-%d1%82%d1%83%d0%bc-%d1%8b%d1%82%d1%83%

гуманитарлық факультет қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері, философия докторы (PhD), ғалым хатшы Шүкенай Гүлім Төлеуқызына «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін табыстады. Қазақ тілі мен ғылымының дамуына үлес қосып жүрген филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент) Шыныбекова Айжан Сахановна Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің «Тіл жанашыры» құрмет дипломымен марапатталды. Ана тіліміздің абыройын асқақтатуға бағытталған бастамаларыңыз бен ғылыми еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын!	%d2%af%d0%bb%d0%b5%d1%81%d1%96-%d2%af%d1%88%d1%96%d0%bd/
Шоқан Уәлиханов — 190 Шоқан ауылында Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған ғылыми-практикалық семинар өтті. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті гуманитарлық факультет қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ансабаев Дүйсен Сандыбайұлы баяндама жасап, Жанғазы Жексенбаевпен жазған «Шоқаным- Отаным» әнінің тұсаукесу рәсімі өтті. Ш.Уәлиханов атындағы мектеп оқушылар көрініс қойып, аудан өнерпаздары концерттік бағдармаларын көрсетті. Кеш қос автордың Кербұлақ ауданының әнұранымен аяқталды.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/09/17/%d1%88%d0%be%d2%9b%d0%b0%d0%bd-%d1%83%d3%99%d0%bb%d0%b8%d1%85%d0%b0%d0%bd%d0%be%d0%b2-190/
СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫРТҚЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ 2025-2026 оқу жылында «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ гуманитарлық факультет «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері Күрішбек Ләззат Бақытжанқызы, Жандар Жансая Нышанбайқызы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетінде білім алуда. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттерге шетелдік жоғары оқу орнында білім алу арқылы кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға, әлемдік білім беру тәжірибесімен танысуға және жаңа оқу ортасына бейімделу арқылы өз мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Академиялық ұтқырлық барысында	https://zhetyssu.edu.kz/2025/11/13/%d1%81%d1%82%d1%83%d0%b4%d0%b5%d0%bd%d1%82%d1%82%d0%b5%d1%80%d0%b4%d1%96%d2%a3-%d1%81%d1%8b%d1%80%d1%82%d2%9b%d1%8b-%d0%b0%d0%ba%d0%b0%d0%b4%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d1%8f%d0%bb%d1%8b%d2%9b-%d2%b1%d1%82/

студенттер түрік тілін жетілдіреді, түркітілдес халықтардың тілі мен әдебиетін зерттеу бағытындағы ғылыми еңбектермен танысып, түркі әлемінің мәдени және тілдік ортақ құндылықтарын тереңірек меңгереді, түрік және халықаралық білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен танысып, мәдениетаралық қарым-қатынас орнату және кәсіби бағыттағы заманауи тәжірибелерді меңгеру мүмкіндігіне ие болады.	
«Профессор Бисенқұлов М.К.-ны еске алу» «2025 жылдың 14 мамырында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.К. Бисенқұловты еске алуға арналған V Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция тақырыбы: «Қазіргі білім беру жүйесінің даму кезеңінде орыс тілі мен әдебиетін оқытудың мәселелері мен перспективалары». Конференцияны Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы Жетісу облыстық әдістемелік орталығымен бірлесіп ұйымдастырды. Конференция жұмысына орта мектеп мұғалімдері, университеттер мен колледж оқытушылары, магистранттар және филология факультетінің студенттері қатысты. Құттықтау сөздерімен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің басқарма төрағасы – ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Әбілтаевич Бұрұбаев және Жетісу облыстық әдістемелік орталығының директоры Ғалия Жолтаевна Мұхметова сөз сөйледі. Конференция қатысушыларының келесі баяндамалары үлкен қызығушылық тудырды: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аударма теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Аслан Жамельевич Жақсылықовтың «Шығармашылық тұлғаның параметрлері» баяндамасы; Ресейдің Г.И. Носов атындағы Магнитогорск мемлекеттік техникалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Оксана	https://zhetyssu.edu.kz/2025/05/15/%d0%bf%d1%80%d0%be%d1%84%d0%b5%d1%81%d1%81%d0%be%d1%80-%d0%b1%d0%b8%d1%81%d0%b5%d0%bd%d2%9b%d2%b1%d0%bb%d0%be%d0%b2-%d0%bc-%d0%ba-%d0%bd%d1%8b-%d0%b5%d1%81%d0%ba%d0%b5-%d0%b0%d0%bb%d1%83/

Вячеславовна Дорфманның «Негізгі мектепте тілдік талдаудың лингводидактикалық бағыттары» баяндамасы; Халықаралық Астана университетінің Педагогикалық институтының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Талғатбек Дүйсенбекович Әбжақовтың «М.К. Бисенқұловтың өлеңдерінің идеялық-тақырыптық ерекшелігі» баяндамасы; І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Бақытжан Алпамышевна Әуелбекованың «Профессор М.К. Бисенқұловтың зерттеулеріндегі аударма мәселелері» баяндамасы; Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің шебер-педагогы Дамира Вазировна Амарованың «Оқылым сауаттылығының типологиясы мен тапсырма түрлерін талдау арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» баяндамасы; Н. Алдабергенов атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы-педагогы Надежда Яковлевна Кимнің «Ауыл мектебінде орыс тілі мен әдебиетті оқыту мәселелері» баяндамасы. Күннің екінші жартысында «Көркем мәтінді талдау» шеберлік сабағы (модератор – профессор Ли Э.В.), «Орыс тілін және әдебиетін оқыту мен оқу жобаларын ұйымдастырудағы жасанды интеллект» воркшопы (модератор – №12 гимназия-мектебінің шебер-педагогы Филимонова Е.Р.), «Академиялық және функционалдық сауаттылық: қазіргі білім беру жүйесіндегі теңгерім мен өзара әрекеттестік» атты дөңгелек үстел (Жетісу облыстық әдістемелік орталығының педагог-зерттеушісі, әдіскер Торпакова А.А.) ұйымдастырылды. Конференция соңында қатысушыларға М.К. Бисенқұловтың «Өзімен оңашада», «Қолда жерді тербету» атты өлеңдер жинағы табысталды. Конференция жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өтті.»	
Республикалық олимпиада С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында «XXI ғасыр педагогикасындағы	https://zhetyssu.edu.kz/2025/05/08/%d1%80%d0%b5%d1%81%d0%bf%d1%83%d0%b1%d0%bb%d0%b8%d0%ba%d0%b0%d0%bb%d1%8b%d2%9b-%d0%be%d0%bb%d0%b8%d0%bc%d0%bf%d0%b8%d0%b0%d0%b4%d0%b0/

Абай мұралары» атты IV Республикалық педагогикалық олимпиадасы өтті. 6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша өткен білім сайысына университетіміздің Гуманитарлық факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ студенттерінен құралған «Алау» тобы қатысты. Республикалық педагогикалық олимпиадада жүлделі II орынды жеңіп алған студенттерімізді құттықтаймыз! Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері, магистр Мадина Тумабаева.	
Қонақ дәрістері Орыс тілі және әдебиеті кафедрасында белгілі отандық оқытушылардың қонақ дәрістері жақсы дәстүрге айналууда. Осылайша, 2025 жылдың 14-20 мамыр аралығында Астана халықаралық университетінің педагогикалық институтының доценті Абжаков Талғатбек Дүйсенбекұлы үшінші курс студенттеріне қазақ әдебиеті тарихы бойынша лекциялар циклын оқыды. ОП В0601704 – «Орыс тілі және әдебиеті орыс тілі емес мектептерінде» пәні бойынша дәрістердің тақырыптары: «Дарыны үндескендер – А.С. Пушкин және І.Жансүгіров», «О. Сүлейменов шығармаларындағы ұлттық колорит», «Профессор М.К. Бисенқұловтың өлеңдерінің идеялық-тақырыптық ерекшелігі». Шақырылған оқытушының дәрістері студенттер арасында үлкен қызығушылық тудырды.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/06/05/%d2%9b%d0%be%d0%bd%d0%b0%d2%9b-%d0%b4%d3%99%d1%80%d1%96%d1%81%d1%82%d0%b5%d1%80%d1%96/
CYBERSCHOLAR AP25794537 “Жасанды интеллект тілдік емес мамандықтар студенттерінің академиялық ағылшын тілін меңгерудегі көмекшісі ретінде: рандомизацияланған зерттеу” атты ғылыми жоба аясында АҚШ-тың Иллинойс Урбана-Шампейн университетінің зерттеушілерімен бірлескен CyberScholar веб-қосымшасының пилоттық апробациясы АҚШ-тың Иллинойс Урбана-Шампейн университетінің зерттеушілерінің қатысуымен өтеді. Иллинойс Урбана-Шампейн университеті (UIUC) әлемнің ең үздік 50 университетінің қатарына, сондай-ақ Research санаты бойынша ең үздік 20 университеттің қатарына кіреді және	https://zhetyssu.edu.kz/2025/11/12/%d1%85%d0%b0%d0%b1%d0%b0%d1%80%d0%bb%d0%b0%d0%bd%d0%b4%d1%8b%d1%80%d1%83-34/

жасанды интеллект пен цифрлық білім беру саласындағы жетекші орталықтардың бірі болып табылады. Жобаның ғылыми жетекшісі: PhD, Райгүл Серікқызы Желдибаева Шетелдік ғылыми кеңесші: Иллинойс университетінің профессоры — Liam Magee	
Ғылыми-әдістемелік семинар 10 қараша 2025 жылы И. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Жасанды интеллект негізінде білімгерлердің ғылыми-зерттеу мәдениетін жаңғырту» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Семинар мақсаты — заманауи жасанды интеллект технологияларын оқу үдерісіне енгізу арқылы студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін арттыру, олардың зерттеу мәдениетін дамыту және академиялық жазылымдағы дағдыларын нығайту. Семинар спикері Гуманитарлық факультеттің ғылыми жұмыс жөніндегі декан орынбасары, Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының оқытушы-дәріскері, педагогика ғылымдарының магистрі Гүлдана Келісқызы Тұрабай жүргізді. Семинар барысында қатысушылар: • ғылыми зерттеу жүргізудің заманауи тәсілдерімен; • жасанды интеллектті деректерді талдауда, ғылыми мәтін жазуда және зерттеу барысын жоспарлауда қолдану мүмкіндіктерімен; • студенттердің зерттеу белсенділігін арттыруға бағытталған әдістемелермен; • академиялық этика және деректермен жұмыс істеудің талаптарымен танысты. Шараға қатысқан оқытушылар, студенттер және магистранттар AI құралдарының (Capilot, ResearchRabbit, Scite, Scopus AI Tools және т.б.) ғылыми-зерттеу жұмысын жүйелеудегі рөлі, ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттыруы және академиялық ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуі туралы практикалық мәлімет алды. Семинар барысында «KazEngRu» ғылыми студенттік қоғамының мүшесі, «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 3 курс білімгері Кенесбаева Асель өз тәжірибесімен бөлісті. Ол жасанды интеллект	https://zhetyssu.edu.kz/2025/11/11/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d3%99%d0%b4%d1%96%d1%81%d1%82%d0%b5%d0%bc%d0%b5%d0%bb%d1%96%d0%ba-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80

құралдарын ғылыми әдебиеттерді іздеуде, деректерді талдауда және зерттеу мәтіндерін құрылымдауда қолданудың тиімділігін атап өтіп, AI платформалары оның жеке зерттеу жобаларына айтарлықтай көмектескенін жеткізді. Асельдің тәжірибесі студенттердің ИИ технологияларын зерттеу жұмыстарында нәтижелі қолдану мүмкіндіктерін айқын көрсетті. Семинар студенттер мен магистранттардың зерттеу жұмысының сапасын арттыруға, академиялық мәдениетін нығайтуға, ғылыми деректер базасымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталды. Қатысушылар бұл шараның олардың ғылыми-зерттеу қызметіне үлкен серпін бергенін атап өтті. Іс-шара Huawei орталығында өткізіліп, факультет ішінде ғылыми-инновациялық бастамаларды қолдауға және білім алушылардың зерттеу әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстың жалғасы болды.	
AQYL BATTLE: LINGUISTIC MASTERMIND 2025 жылдың 20 ақпанында Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен 2 курс студенттері арасында «Aqyl Battle: Linguistic Mastermind» атты интеллектуалды ойын өтті. Сайысқа ШТҚ 211, ШТҚ 212, ШТҚ 213, ИЯР 211 топ студенттері қатысып, ағылшын тіліндегі білімдерін шыңдауға бағытталған қызықты әрі танымды шараға айналды. Интеллектуалды ойының басты мақсаты – студенттердің ағылшын тілі бойынша критикалық ойлау, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту болды. Ойын үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде студенттер топ атауын, ұранын және команда капитанын таныстырып, ең креативті таныстыруларға жоғары балл берілді. Бұл кезең шығармашылық пен өзін-өзі таныстыруға баса назар аударылды. Екінші кезең ағылшын тілінде сөздердің синонимдерін табу арқылы мақал-мәтелдерді анықтауды талап етті. Бұл кезең студенттердің сөздік қорын, жылдамдығын және ағылшын тіліндегі сауаттылығын тексеруге бағытталды. Ал үшінші кезең квест болып, студенттер әр деңгейде тапсырмалар мен шифрлар шешіп, өздерінің логикалық ойлау қабілеттерін көрсетіп, ағылшын тіліндегі деңгейлерін	https://zhetyssu.edu.kz/2025/02/28/aqyl-battle-linguistic-mastermind-9/

сынады. Қызықты әрі тартысты өткен сайыста үздік нәтижелер көрсеткен студенттер арнайы сертификаттармен марапатталды. Бұл интеллектуалды ойын білім мен шығармашылықты біріктіріп, қатысушыларға ұмытылмас әсер қалдырды.	
“Өлең — сөздің патшасы, сөз-сарасы” 07.03.2025 «Практикалық фонетика және бірінші шет тілін таңдау» пәнінде Шетел тілдері және аударма ісі мамандығының ШТҚ-113(IP) тобы студенттерімен өткен “Өлең — сөздің патшасы, сөз-сарасы” атты сайысымыз өтті. Шара барысында студенттер ағылшын тілінде поэманы жаттап, ортада өз өнерлерін көрсетті. Өте үздік нәтиже көрсеткен студенттер де көп болды. Осы студенттерден үздік орынға ие болған: Бас жүлде: Ержанқызы Нұрия 1-ші орын: Жетписбай Айару 2-ші орын: Асанбек Нұрай 3-ші орын: Ерғалымқызы Еркежан, Касымова Нұрай Бұл сайыс студенттердің қызығушылығын ашып, көңілдерінен шықты, алдағы уақытта осындай сайыстардың ұйымдастырылуын күтуде.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/03/12/%d3%a9%d0%bb%d0%b5%d2%a3-%d1%81%d3%a9%d0%b7%d0%b4%d1%96%d2%a3-%d0%bf%d0%b0%d1%82%d1%88%d0%b0%d1%81%d1%8b-%d1%81%d3%a9%d0%b7-%d1%81%d0%b0%d1%80%d0%b0%d1%81%d1%8b/
«Тіл. Мәдениет. Коммуникация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция 2025 жылдың 14 сәуір күні І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Гуманитарлық факультеті, Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры М.Р. Катенованы еске алуға арналған «Тіл. Мәдениет. Коммуникация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Конференцияның мақсаты – тілдер мен мәдениеттер арасындағы байланыстарды тереңірек зерттеп, халықаралық коммуникация мен мәдениетаралық диалогты дамыту бағытындағы ғылыми зерттеулерді алға жылжыту. Бұл маңызды шарада тіл білімінің, аударма ісінің, мәдениеттанудың өзекті мәселелері талқыланып, әртүрлі елдер мен мәдениеттер өкілдерінің тәжірибелері мен идеялары ортаға салынады. Өтетін орны, Қаблица Жырау көшесі, 187. Мәжіліс залы, 313. Конференция сағат 8.30-да	https://zhetyssu.edu.kz/2025/03/19/%d1%82%d1%96%d0%bb-%d0%bc%d3%99%d0%b4%d0%b5%d0%bd%d0%b8%d0%b5%d1%82-%d0%ba%d0%be%d0%bc%d0%bc%d1%83%d0%bd%d0%b8%d0%ba%d0%b0%d1%86%d0%b8%d1%8f-%d0%b0%d1%82%d1%82%d1%8b-%d1%85%d0%b0%d0%bb%d1%8b/

басталады. Барлық қызығушылық танытқан ғалымдар, зерттеушілер, тіл мамандары мен студенттер қатысуға шақырылады.	
Кәсіби бағытталған шетел тілі пәні «Журналистика» мамандық білімгерлерінің ағылшын тілінен интервью арқылы өзіндік жұмысы Бұл жоба білімгерлердің Кәсіби бағытталған шетел тілі пәні аясында жүргізген өзіндік жұмысын сипаттайды. «Журналистика» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер үшін ағылшын тілін меңгеру тек тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сондай-ақ өздерінің кәсіби салада қажетті ақпараттарды жинау, оны талдау және кәсіби пікір қалыптастыру қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осы жұмыстың негізгі мақсаты – студенттерге шетел тіліндегі интервью арқылы журналистика саласына қатысты лексика мен сөйлеу дағдыларын меңгерту. «Журналистика» мамандығының 2-курс білімгерлері өзіндік жұмысы аясында кәсіби шеберліктерін шыңдау мақсатында «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандық оқытушылары мен білімгерлерінен сұхбат алу тәжірибесін жүзеге асырды. Шетел тілі мамандығының білімгерлері мен оқытушылары сұхбат беру барысында өздері жайлы қызықты ақпараттармен, жеке тәжірибелерімен және қызықты естеліктерімен бөлісті. Өңгімелесу кезінде студенттер сұхбат жүргізу әдістерін тәжірибеде қолдана отырып, кәсіби бағыттағы тілдік дағдыларын жетілдірді. Бұл тәжірибе болашақ журналистердің кәсіби жолында маңызды рөл атқарып, тілдік және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға септігін тигізді. Болашақ журналистер алған білімдерін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жаңа деңгейге көтеріп, тіл меңгерудегі жетістіктерін айқын көрсетті. Тәжірибе нәтижесінде студенттер өзара пікір алмасып, ақпарат жинау мен оны талдау дағдыларын жетілдірді. Бұл өзіндік жұмыс студенттердің ағылшын тілінде кәсіби сұхбат жүргізу дағдыларын жетілдіруге көмектесті. Журналистика саласында жұмыс істейтін маман болуға қажетті тілдік және мәдени дағдыларды дамытуға бағытталған бұл тапсырма студенттердің өз саладағы	https://zhetyssu.edu.kz/2025/04/09/%d0%ba%d3%99%d1%81%d1%96%d0%b1%d0%b8-%d0%b1%d0%b0%d2%93%d1%8b%d1%82%d1%82%d0%b0%d0%bb%d2%93%d0%b0%d0%bd-%d1%88%d0%b5%d1%82%d0%b5%d0%bb-%d1%82%d1%96%d0%bb%d1%96-%d0%bf%d3%99%d0%bd%d1%96-%d0%b6/

сұрақтар мен мәселелерге қатысты ағылшын тілінде пікір білдіре алуына мүмкіндік берді.	
Ташкенттегі Ұлттық мини-конференцияға қатысу 5 сәуір күні Өзбекстанның Ташкент қаласында British Council және KazAELT ұйымдарының қолдауымен «Profi University» университетінде ағылшын тілі оқытушыларына арналған ұлттық мини-конференция өтті. Аталған шараға біздің университеттің Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының ассистенттері Қайрбек Арайгүл мен Тұрсын Гүлбар қатысты. Конференцияда түрлі елдерден келген тәжірибелі мамандар бас қосып, кең ауқымды мәселелер бойынша өз білімдері мен көпжылдық тәжірибелерімен бөлісті. Шетел тілдерін оқыту саласының танымал сарапшылары — Алия Жақыпова, Бостон Хаят, Мария Коваш және Жамиля Гұлаимова — «Оқыту үдерісін қайта ойлау», «Бүгінгі күні қажет мұғалімдер: еңбек нарығы мен қоғам сұранысына жауап» және «Ақылды жоспарла — тиімді оқыт» сынды өзекті тақырыптарда баяндама жасады. Сондай-ақ педагогтар жиі кездестіретін ортақ мәселелер талқыланған қысқа панельдік пікірталас өтті. Әрбір қатысушы конференциядан жаңа идеялармен, инновациялық көзқарастармен және өзінің оқыту тәжірибесін жетілдіруге арналған құнды ресурстармен оралды. Іс-шараның екінші күнінде қатысушылар үшін Ташкент қаласы бойынша экскурсия ұйымдастырылып, ұлттық тағамдардан дәм тату мен мәдени нысандарды тамашалау мүмкіндігі ұсынылды. Бұл конференцияны тек зияткерлік ғана емес, сонымен қатар мәдени тұрғыдан да мазмұнды шараға айналдырды.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/04/10/participation-in-the-national-mini-conference-in-tashkent-3/
Қаратал ауданы Үштөбе қаласында орналасқан «Қаратал тарихи-өлкетану» музейіне іс-сапар 2025 жылдың 15 қаңтарда «Тарих және әлеуметтік-пәндер кафедрасының» оқытушы-дәріскерлері, PhD Б.Т. Калиева, магистр Калелова Ж.У., магистр Касимова Н.Б. «Жас Ғалым-2025» университетішілік гранттық жобасы аясында «Жетісу облысы музейлері: Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ)	https://zhetyssu.edu.kz/2025/02/14/%d2%9b%d0%b0%d1%80%d0%b0%d1%82%d0%b0%d0%bb-%d0%b0%d1%83%d0%b4%d0%b0%d0%bd%d1%8b-%d2%af%d1%88%d1%82%d3%a9%d0%b1%d0%b5-%d2%9b%d0%b0%d0%bb%d0%b0%d1%81%d1%8b%d0%bd%d0%b4%d0%b0-%d0%be%d1%80%d0%bd%d0%b0/

технологиялары негізінде» Қаратал ауданы Үштөбе қаласында орналасқан «Қаратал тарихи-өлкетану» музейіне іс-сапармен барып, жоба аясында материалдармен танысып, жұмыс жасалынды.	
“Алтын адамның аманатын арқалаған ғалым” атты дөңгелек үстел 28.02.2025 күні Гуманитарлық факультетте Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушылары мен 6В01602 — “Тарих (IP)” білім беру бағдарламасының 1 курс білімгерлерінің қатысуымен “Алтын адамның аманатын арқалаған ғалым” атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында білімгерлер Алтын адамның күміс зереншегіндегі 26 әріптің сырын ашқан ғалым Мағрипа Жылқыбаеваның өмір жолымен, ғылыми ізденістерімен терең танысты. Білімгерлер ғалымның еңбектеріне үлкен қызығушылық танытып, сұрақтар қойып, пікірлерімен бөлісті. Сондай-ақ кафедра оқытушылары тарапынан да толымды ой-пікірлер айтылды.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/03/03/%d0%b0%d0%bb%d1%82%d1%8b%d0%bd-%d0%b0%d0%b4%d0%b0%d0%bc%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d0%b0%d0%bc%d0%b0%d0%bd%d0%b0%d1%82%d1%8b%d0%bd-%d0%b0%d1%80%d2%9b%d0%b0%d0%bb%d0%b0%d2%93%d0%b0%d0%bd-%d2%93%d0%b0/
Қонақ дәріс 2025 жылдың 27 ақпанында Талдықорған қаласындағы №20 мамандандырылған лицейінің әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор Ғ.С.Дәрібайдың ұйымдастыруымен 8 А сынып оқушыларына «Мамандықты дұрыс таңдау — жарқын болашақ кепілі» тақырыбында семинар өткізілді. Аталған шараға І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Гуманитарлық факультеті, Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының PhD докторы, оқытушы-дәріскері Калиева Бекзат Тынысбекқызы шақыртылды. Бекзат Тынысбекқызы қысқаша өзінің ғылым жолындағы жетістіктері мен тарих саласына келудегі мақсаты туралы айта келе, жас толқынға мамандықты дұрыс таңдау жолдары мен бағыттарын ұсынды. Оқушылар да толғандырған сауалдарын қойып, кері байланыс берді.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/03/03/%d2%9b%d0%be%d0%bd%d0%b0%d2%9b-%d0%b4%d3%99%d1%80%d1%96%d1%81-3/
Дөңгелек үстел Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Президентіміз Қ.Тоқаев қазақ халқының тарихы мен оның әлем тарихында алатын орнына ерекше назар аударды. 2025 жылдың 19 наурызында	https://zhetyssu.edu.kz/2025/03/20/%d0%b4%d3%a9%d2%a3%d0%b3%d0%b5%d0%bb%d0%b5%d0%ba-%d2%af%d1%81%d1%82%d0%b5%d0%bb/

Гуманитарлық факультет Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушылары «Тарих» ББ білімгерлерімен Қазақстанның болашақ дамуын айқындайтын маңызды диалог алаңы – Ұлттық құрылтайдың мазмұнымен танысты.	
«Жас тарихшы» ғылыми үйірмесінің «Ермұхан Бекмаханов: Ғылымға арнаған ғұмыр» атты отырысы 2025 жылдың 27 наурызында «Жас тарихшы» ғылыми үйірмесінің «Ермұхан Бекмаханов: Ғылымға арнаған ғұмыр» атты отырысы өтті. Отырыс жұмысына Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының ПОҚ және 6B01601-Тарих және 6B01602-Тарих және қоғамтану (IP) ББ студенттері қатысты. Олар STEM технологиясы негізінде Ермұхан Бекмахановтың ғылыми мұрасы, өмір жолы және Қазақстан тарихындағы ерекше рөлін талдап, ұлы тұлғаның еңбектерін талқылап, зерттеулерінің өзектілігі туралы пікір алмасты.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/03/27/%d0%b6%d0%b0%d1%81-%d1%82%d0%b0%d1%80%d0%b8%d1%85%d1%88%d1%8b-%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d2%af%d0%b9%d1%96%d1%80%d0%bc%d0%b5%d1%81%d1%96%d0%bd%d1%96%d2%a3-%d0%b5%d1%80/
Көшбасшылық дәріс 2025 жылдың 14 ақпанында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Гуманитарлық факультет Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, PhD Ринат Серікұлы Жуматаев Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері бойынша көшбасшылық дәріс өткізді. Дәріс барысында студенттер «Шілікті-Тарбағатай» және «Жетісу» археологиялық экспедициясының зерттеулерімен танысты. Зерттеу нәтижелері студенттердің үлкен қызығушылығын тудырды. Дәріс соңында олар сұрақтар қойып, археолог маманмен пікір алмасты.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/02/19/%d0%ba%d3%a9%d1%88%d0%b1%d0%b0%d1%81%d1%88%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d2%9b-%d0%b4%d3%99%d1%80%d1%96%d1%81/
Ғылыми семинар 2025 жылдың 20 ақпанында Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері М.Абдрахимнің «XIX ғ. 2 жартысы — XX ғ. басындағы Жетісу облысындағы қазақ шенеуніктері» атты диссертациялық жұмысы аясында ғылыми семинар өтілді.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/05/15/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-6/
Ғылыми семинар	https://zhetyssu.edu.kz/2025/05/15/%d2%93%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d0%bc%d0%b8-%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-6/

2025 жылдың 18 сәуірінде Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері Д.А. Абиловтың «Қазақстандағы лицей-гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы 1987-2017жж» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша ғылыми семинар өтті.	%d1%81%d0%b5%d0%bc%d0%b8%d0%bd%d0%b0%d1%80-7/
Іс сапар 2025 жылдың 21 мамырда «Тарих және әлеуметтік-пәндер кафедрасының» оқытушы-дәріскерлері, PhD Б.Т. Калиева, магистр Калелова Ж.У., магистр Касымова Н.Б. «Жас Ғалым-2025» университетішілік гранттық жобасы аясында «Жетісу облысы музейлері: Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) технологиялары негізінде» Сарқан ауданы Қойлық ауылында орналасқан М.Жұмабаев атындағы орта мектеп КММ «Қойлық музейі» және Черкасск ауылында орналасқан «Сарқан ауданының тарихи» музейіне іс-сапармен барып, жоба аясында материалдармен танысып, жұмыс жасалынды.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/06/03/%d1%96%d1%81-%d1%81%d0%b0%d0%bf%d0%b0%d1%80-2/
Ынтымақтастық меморандумына қол қою рәсімі өтті 2025 жылдың 30 қыркүйек күні І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және «Жетісу облысы Білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Уәлиханов атындағы № 10 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою іс-шарасы өтті. Іс-шараға Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент) Б. Таубаев, гуманитарлық факультет деканы Р. Желдибаева, тарих және әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушылары және білімгерлері қатысты.	https://zhetyssu.edu.kz/2025/09/30/%d1%8b%d0%bd%d1%82%d1%8b%d0%bc%d0%b0%d2%9b%d1%82%d0%b0%d1%81%d1%82%d1%8b%d2%9b-%d0%bc%d0%b5%d0%bc%d0%be%d1%80%d0%b0%d0%bd%d0%b4%d1%83%d0%bc%d1%8b%d0%bd%d0%b0-%d2%9b%d0%be%d0%bb-%d2%9b%d0%be%d1%8e/
Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған ашық дәріс өтті 2025 жылдың 14 қазанында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай «Қазақтың тұңғыш ғалымы» атты ашық дәріс өткізілді. Дәрісті педагогика	https://zhetyssu.edu.kz/2025/10/15/%d1%88%d0%be%d2%9b%d0%b0%d0%bd-%d1%83%d3%99%d0%bb%d0%b8%d1%85%d0%b0%d0%bd%d0%be%d0%b2%d1%82%d1%8b%d2%a3-190-%d0%b6%d1%8b%d0%bb%d0%b4%d1%8b%d2%93%d1%8b%d0%bd%d0%b0-%d0%b0%d1%80%d0%bd%d0%b0%d0%bb-2/

ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы Журналистер кеңесінің мүшесі, өлкетанушы, шоқантанушы, «Шыңғыс хан» халықаралық академиясының академигі Бағдат Бақтыбайұлы Ақылбеков жүргізді. Дәріс барысында Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны мен қызметі, сондай-ақ оның ғылыми жетістіктері, еңбектері мен зерттеулері қарастырылып, олардың бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпағаны атап өтілді.	
Жетісу университетінің тарихшы студенттері сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша Түркияда білім алу І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Гуманитарлық факультетінің 6В01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасының 3-курс ТҚ-311 тобының білімгерлері Алибекова Сымбат Нуралимовна, Айтбек Асем Асетқызы, Қыдыр Жансая Шеризатқызы және Мурзакенова Акбаян Бағдатовна 2025–2026 оқу жылының 1-жартыжылдығында Түркия Республикасының Нийде Омер Халисдемир университетінде сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алу. Білімгерлер «Тарих» мамандығы бойынша теориялық және тәжірибелік білімдерін жетілдіріп, түрік жоғары оқу орнындағы оқу процесімен, ғылыми бағыттарымен және мәдени ортамен танысып жатыр. Бұл тәжірибе студенттердің академиялық көкжиегін кеңейтіп, халықаралық деңгейде кәсіби құзыреттерін арттыруға мүмкіндік береді.	https://zhetyasu.edu.kz/2025/10/22/%d0%b6%d0%b5%d1%82%d1%96%d1%81%d1%83-%d1%83%d0%bd%d0%b8%d0%b2%d0%b5%d1%80%d1%81%d0%b8%d1%82%d0%b5%d1%82%d1%96%d0%bd%d1%96%d2%a3-%d1%82%d0%b0%d1%80%d0%b8%d1%85%d1%88%d1%8b-%d1%81%d1%82%d1%83%d0%b4/
Цюрих университеті профессоры Петер Финкенің ашық дәрісі өтті 2025 жылы 22 қазанда І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Гуманитарлық факультетінде Швейцарияның Цюрих университетінің Әлеуметтік антропология және мәдени зерттеулер департаменті профессоры, доктор Петер Финкенің ашық дәрісі өтті. Дәріске факультеттің Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы және 7М01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасының магистранттары қатысты. Дәрісте шетелдік ғалым өзінің ғылыми	https://zhetyasu.edu.kz/2025/10/22/%d1%86%d1%8e%d1%80%d0%b8%d1%85-%d1%83%d0%bd%d0%b8%d0%b2%d0%b5%d1%80%d1%81%d0%b8%d1%82%d0%b5%d1%82%d1%96-%d0%bf%d1%80%d0%be%d1%84%d0%b5%d1%81%d1%81%d0%be%d1%80%d1%8b-%d0%bf%d0%b5%d1%82%d0%b5%d1%80/

ізденістері мен жүргізіп жатқан ғылыми жобалары туралы айтып, дәріс тыңдаушыларына гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі заманауи ғылыми тенденциялар мен өзекті халықаралық зерттеулер туралы кеңінен ақпарат берді. Ашық дәріс барысында профессор Петер Финке әлеуметтік антропология ғылымының қазіргі бағыттары мен оның Орталық Азия, соның ішінде Қазақстанға қатысты ғылыми проблемаларды зерттеудегі маңыздылығына ерекше тоқталды. Сонымен қатар профессор П. Финке ғылыми ынтымақтастықтың маңызын атап өтіп, магистранттар мен жас ғалымдарды халықаралық зерттеу жобаларына белсенді қатысуға шақырды. Кездесу соңында қатысушылар профессорға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты.	
«Ыдырысов оқулары» сайысынан жүлдемен оралды 2025 жылдың 26 ақпанында қазақ баспасөзін безендіру ісінің негізін қалаған көрнекті ғалым, жазушы, публицист, профессор Әбілфайыз Ыдырысовты еске алуға арналған дәстүрлі «Ыдырысов оқулары» аясында өтетін «Цифрлы трансформация жағдайындағы кітап ісінің баспа технологиялары мен бизнес-модельдері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға 6B03201-«Журналистика» мамандығының студенттері қатысты. Аталған конференция аясында «Үздік ғылыми жұмыс», «Үздік баспасөз материалы», «Дизайн өнерінің үздік туындысы» аталымдары бойынша жұмыстар сынға түсті. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің журналистика мамандығының 4 курс студенті Гүлнұр Баймұхан, Каримова Бибигуль Жумашовнаның жетекшілігімен «Үздік ғылыми жұмыс» номинациясы бойынша 3 орын иеленді.	https://zhetyasu.edu.kz/2025/02/27/%d1%8b%d0%b4%d1%8b%d1%80%d1%8b%d1%81%d0%be%d0%b2-%d0%be%d2%9b%d1%83%d0%bb%d0%b0%d1%80%d1%8b/
«ЖАС ҚАЛАМГЕР» ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕСІ ДЕРЕКТЕР ЖИНАҚТАУ ТӘСІЛДЕРІМЕН БӨЛІСТІ Ғылым күніне орай 6B03201-«Журналистика» және 6B03202-«Қоғаммен байланыс» мамандықтарының білімгерлерінен құралған «Жас Қаламгер» үйірмесінің кезекті отырысы өтті.	https://zhetyasu.edu.kz/2025/03/13/%d0%b6%d0%b0%d1%81-%d2%9b%d0%b0%d0%bb%d0%b0%d0%bc%d0%b3%d0%b5%d1%80-%d2%af%d0%b8%d1%96%d1%80%d0%bc%d0%b5%d1%81%d1%96/

Дөңгелек үстел басына жиналған болашақ журналистер «Деректер жинаудың негізі қадамдары» атты тақырыпта өзара пікір алмасып, ойларын ортаға салды. Шараға қатысқан білімгерлер өздерінің кезекті газет шығарылымына материал жинауда кездесетін қиындықтар, деректерді өңдеу және деректер ашықтығын тексеру жолдары туралы ой-пікірмен бөлісті. Жалған ақпараттарды тексеруде қолданылатын арнайы сайттармен жұмыс жүргізу тәсілдері мен арнайы сайттарға тіркелудің жолдарын талқылады. Ғылыми жетекші Б.Ж.Каримова ғылыми жұмыс жазудағы негізгі шарттар мен оны орындаудың талаптарын түсіндірді.	
Жас журналистер кітабының тұсауы кесілді І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті гуманитарлық факультетінің журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен «Қауырсын қалам» шеберлік сыныбы өтті. Тағылымда шараға ҚР Ақпарат саласының үздігі, Жетісу облыстық газетінің директорының орынбасары Ришад Тұрғанбай мен ҚР Журналистер одағының мүшесі Еңлік Бауыржанқызы қонаққа келді. Қос қаламгер қазіргі журналистиканың өзекті мәселесі туралы ой өрбітіп, болашақ журналистердің кәсіби дамуына бағыт-бағдар берді. Кездесуде мамандық таңдаудың маңызы мен журналистикадағы құзыреттілік деңгейін арттыру жолдарын талқыланды. БАҚ-тағы тың бағыт пен заманауи ақпарат таратудың тиімді әдісі жайлы кеңес беріліп, білімгерлердің шығармашылық мүмкіндігі мен өзін дамытудың жолы да қадап айтылды. Сырлы сұхбат барысында ЖҚ411 топ білімгерлерінің туындысы топталаған «Арпалыс» кітабының тұсауы кесілді. Кафедра тарихындағы алғашқы еңбек І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы-дәріскері, магистр Ілескен Әлбатырұлының бастамасымен жүзеге асты. Білікті маман өз сөзінде шығармашылық ұжымның осы кітапты жазу жолындағы атқарған жангештілігін атап өтіп, студенттердің кәсіби шеберлігін арттыруда мұндай шаралардың аса маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Шара соңында ЖҚ212 мен ҚБҚ111 топ студенттердің концерттік бағдарламасы	https://zhetyssu.edu.kz/2025/04/09/%d0%b6%d0%b0%d1%81-%d0%b6%d1%83%d1%80%d0%bd%d0%b0%d0%bb%d0%b8%d1%81%d1%82%d0%b5%d1%80-%d0%ba%d1%96%d1%82%d0%b0%d0%b1%d1%8b%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d1%82%d2%b1%d1%81%d0%b0%d1%83%d1%8b-%d0%ba%d0%b5%d1%81/

көпшілік назарына ұсынылды. Болашақ журналистер қаламгерліктен тыс ән айтып, күй шертіп, би билеп ерекше өнерлі екендіктерін тағы бір рет дәлелдеп берді. Шығармашылық даму мен тәжірибенің толысуына әсер ететін тағылымды шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.	
--	--